«BILIM-ÓRKENIETI»
ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

«BILIM-ÓRKENIETI»
НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ИННОВАЦИОННЫЙ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬНЫЙ
ЦЕНТР

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана
қаласы, Сарыарқа ауданы,
http://bilim-ork.kz/, astana-20n@mail.ru
тел: 8 778-742-74-40, 8 (71-72) 44-34-50

Республика Казахстан, 010000, г.
Астана, район Сарыарка,.
http://bilim-ork.kz/, astana-20n@mail.ru
тел: 8 707-142-74-40, , 8 (71-72) 44-34-50

«МАҚАТАЕВ МҰРАСЫ»

республикалық шығармашылық конкурсы

«Bilim-Órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы Оқу-ағарту министрлігінің ақпараттық қолдауымен **«Мақатаев мұрасы»** атты республикалық шығармашылық конкурсына жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларын ұстаздарымен бірге қатысуға шақырамыз.

Байқаудың мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау арқылы әдебиет пен өнерге деген жастардың қызығушылығын арттырып, Отанын сүйетін, ұлтжанды азаматтарды қалыптастыруға ықпал ету.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ МАРАПАТТАРЫ ПЕДАГОГ-ҰСТАЗДАРДЫҢ АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУІНЕ ЖАРАМДЫ ҚҰЖАТ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ.

Байқау қатысушылары: Білім беру ұйымдарының педагогтері оқушыларымен бірге қатыса алады.

Байқау шарты:

Қатысушы өтініш кестесін толтырып, төменде көрсетілген номинациялардың бірін таңдап, бейнебаян түсіріп жіберу қажет. Бейнебаян ұзақтығы 3.30 минуттан аспауы керек. Орындаушының көркемдік шеберлігі, қазақ тілінде таза сөйлеуі, мазмұнға аса мән беруі, бейнебаянның тақырыпқа сай болуы бағаланады. Белгіленген уақыттан кешіктіріліп жіберілген туындылар қабылданбайды. Бейнебаянда өлең оқыған оқушының өзі қатысуы қажет.

Номинациялар:

1. **«Үнінен сол ақынның жыр тыңдағам...» номинациясы бойынша Мұқағали Мақатаев өлеңіндерін мәнерлеп жатқа оқу;**
   Бұл номинацияда қатысушылар ақынның жатқа білетін өлеңдерін тізбектеп, мәнерлеп жатқа оқиды. Үміткердің өлеңді көркемдеп оқуы мен өлең санына қарай бағаланатын болады.
2. **«Дариға, домбырамды берші маған...» - Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерді орындау;**
   Ақынның өлеңдеріне жазылған бір әнді нақышына келтіріп, музыкалық аспаптармен немесе эстрадалық жанрда орындауы бағаланады. Қатысушылар бір әнді орындап, бейнебаянға түсіріп, Youtube хостингіне салып, сілтемені ұйымдастырушыларға электронды пошта арқылы жібереді. Ұсынылған әннің орындау мәнері, тіл тазалығы мен жанды дауыста орындауы басты назарға алынады.

3. **«Мен - бір бәйек жорғамын байпаңдаған...» номинациясы бойынша Мұқағали Мақатаевқа өлең арнап, жатқа айту;**
Бұл айдарда оқушылар өз шығармашылығынан бірнеше өлеңдер тізбегі мен М.Мақатаевқа арнаған өлеңдерін электронды түрде ұсынады. Бір өлеңін жатқа мәнерлеп оқып, әлеуметтік желілерге салып, сілтемесін ұсынады. Ұсынылған өлеңдердің көркемдігі мен тақырыптың ашылуы, мазмұны, оқу мәнері ескеріледі.
(Бір қатысушыдан бір бейнебаян ғана қабылданады)

Байқауға жіберілген туындылар, өтініш кестесімен бірге **2025 жылдың ақпан айының 15-не дейін jas_daryn2024@mail.ru** почтасына бірге жіберілуі қажет.

Байқау жас ерекшелігіне байланысты үш буынға бөлінеді:
Бастауыш: *1-5 сыныптар аралығында;*
Негізгі: *5-9 сыныптар аралығында;*
Жоғарғы: *9-11 және арнаулы оқу орындарының, колледж студенттері аралығында;*
Ұстаздар арасында байқау*: Мақатев өлеңдерін жатқа оқу, жоғарыда көрсетілген талаптар бойынша*

Байқау жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы ғылым докторларынан, қоғамға танымал тұлғалардан, Мұқағали мұрасын зерттеуші ғалымдардан, педагог-ұстаздардан тұрады.

Марапаттау рәсімі:
Байқау жеңімпаздары «Bilim-Órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының атынан Республикалық деңгейдегі I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.
Сонымен қатар, байқауға:
- ✓ 5 бала қатыстырған жетекшіге орталық атынан **Алғыс хат**,
- ✓ 10 бала қатыстырған жетекшіге орталық атынан **Құрмет грамотасы,**
- ✓ 20 бала қатыстырған Мекеме атына орталық атынан **Алғыс хат** беріледі.

Үздік деп танылған, талапқа сай видеолар «Bilim_orkenieti» Instagram парақшасына салынады.

Ұйымдастыру алқасы:
+7 707 451 94 56, +7 747 702 52 62, +7 707 142 74 40
ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУ КЕРЕК

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Жетекшісінің толық аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы, Білім беру мекеменің атауы	
Сыныбы	
Байқау атауы	**Мақатаев оқулары**
Телефон жетекші, ата-ана	
Оқушының 3х4 суреті	